



010000, Астана қаласы,
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,
«Дом Министерств» тел: (7172) 74-17-68

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің «Қазақстан
халық партиясы» фракциясының
депутаттарына**

2024 жылғы 31 қаңтардағы
№ ДЗ-26 сауалға

Құрметті Депутаттар!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды цифрландыруға қатысты депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 2017 жылғы 10 қарашадағы хаттамалық тапсырмасына сәйкес 2018 жылдан бастап жоғары оқу орындары деректер базасын толтыру арқылы білім туралы құжаттардың тарихи деректерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары 1991-2023 жж. түлектерінің 3 млн. астам дипломын цифрландырды.

Осы бағыттағы жұмысты жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ, Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісе отырып, Білім туралы құжаттардың заңсыз айналымын болдырмайтын тетіктерді әзірлеу жөніндегі жол картасын бекітті.

Жол картасында нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу, интернет-сайттарда және басқа да көздерде білім туралы құжаттарды сату туралы жарияланымдарға мониторинг жүргізу, білім туралы құжаттарды сату бойынша интернет-сайттарды ұйымдастырушыларға шара қолдану және т.б. көзделген.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігіне білім туралы құжаттардың заңсыз айналымына жол бермеу жөнінде тиісті шаралар қабылдауға қатысты хаттар жолданды.

2021 жылдан бастап «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес *Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, денсаулық сақтау саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өткен жоғары оқу орындары білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды береді.*

Министрлік жоғары оқу орындарының түлектеріне берілетін өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ білім туралы құжаттардың сериясын бекітті.

Өзіндік үлгідегі құжаттардың нөмірлері мен QR кодтарын генерациялау «Білім туралы құжаттардың нөмірлерін генерациялау» арнайы сервисі (бұдан әрі – арнайы сервис) арқылы жүзеге асырылады.

Қолжетімділік тек осы сервисте тіркелген тұлғалар (жоғары оқу орнының ресми жауапты қызметкерлері) үшін ғана жүзеге асырылады.

Генерация «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» АЖ-да (бұдан әрі-ЖББП) білім алушылар туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

Арнайы сервис жоғары оқу орындарының өкілдеріне ЖОО жүйесін ЖББП жүйесімен интеграциялау арқылы білім алушы туралы толық мәліметтер (*мамандық, үлгерім, оқу бағдарламасы бойынша академиялық кредиттердің жеткілікті санын игеру, оқуға түсуге/ауысуға бұйрықтың, курстан курсқа ауысу туралы бұйрықтардың болуы*) болған жағдайда ғана білім туралы құжаттардың сериялары мен нөмірлерін жасауға мүмкіндік береді.

ЖББП-да білім алушы болмаған жағдайда диплом нөмірін генерациялау мүмкін емес.

Генерацияланған нөмірлер мен QR кодтары жоқ өзіндік үлгідегі білім туралы құжаттар жарамсыз болып саналады.

Бұл шаралар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың заңсыз айналымын болдырмауға ықпал ететін болады.

Анықтама:

жалған құжаттарды жасау Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 385-бабына сәйкес жалған құжаттарды жасау 2 000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеледі не сол мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Жалған құжатты пайдалану 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынады.

Министр

С. Нұрбек



010000, Астана қаласы,
«Министрліктер Үйі» тел: (7172) 74-17-68

010000, город Астана,
«Дом Министерств» тел: (7172) 74-17-68

№ _____

**Депутатам фракции
«Народная партия Казахстан»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

*На запрос от 31 января 2024 года
№ ДЗ-26*

Уважаемые депутаты!

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан (далее - МНВО) рассмотрев депутатский запрос касательно оцифровки документов об образовании высшего и послевузовского образования, сообщает следующее.

В соответствии с протокольным поручением Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан от 10 ноября 2017 года с 2018 года вузами ведется работа по оцифровке исторических данных документов об образовании путем заполнения баз данных.

В настоящее время вузами оцифровано более 3 млн. дипломов выпускников 1991-2023 гг.

Работу в данном направлении планируется завершить до конца текущего года.

Также, Министерством по согласованию с заинтересованными государственными органами и Администрацией Президента Республики Казахстан утверждена Дорожная карта по выработке механизмов, исключающих незаконный оборот документов об образовании.

В Дорожной карте предусмотрены внесение изменений в нормативные правовые акты, мониторинг публикаций о продаже документов об образовании на интернет-сайтах и других источниках, привлечение организаторов интернет-сайтов по продаже документов об образовании и т.д.

Вместе с тем, направлены письма в министерство внутренних дел и министерство культуры и информации касательно принятия соответствующих мер по недопущению незаконного оборота документов об образовании.

Согласно статье 39 Закона Республики Казахстан «Об образовании» с 2021 документы об образовании собственного образца выдают вузы, за исключением Академии правосудия, военных, специальных учебных заведений, организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования в

области здравоохранения, имеющие лицензию на занятие образовательной деятельностью и прошедшие аккредитацию в аккредитационных органах, внесенных в реестр признанных аккредитационных органов.

Министерством утверждены основные требования к содержанию документов об образовании собственного образца, а также серии документов об образовании собственного образца для выпускников вузов.

Генерация номеров и QR кодов дипломов собственного образца осуществляется посредством специального Сервиса «Генерация номеров документов об образовании» (далее – специальный Сервис), с помощью которого вузам выдаются серии и порядковые нумерации, а также QR код.

Доступ осуществляется только для лиц (*официально ответственных сотрудников вуза*), зарегистрированных в данном Сервисе.

Генерация осуществляется на основании сведений об обучающихся в ИС «Единая платформа высшего образования» (далее - ЕПВО).

Специальный Сервис позволяет представителям вузов генерировать серии и номера документов об образовании только при условии наличия полных сведений (*сведения о специальности, успеваемости, освоения достаточного количества академических кредитов по программе обучения, наличие приказа на зачисление/на перевод, приказов о переходе с курса на курс*) об обучающемся через интеграцию системы вуза с системой ЕПВО.

При отсутствии обучающегося в ЕПВО генерация номера диплома невозможна.

Документы об образовании собственного образца, не имеющие генерированные номера и QR коды считаются недействительными.

Данные меры будут способствовать исключению незаконного оборота документов об образовании высшего и (или) послевузовского образования.

Справочно:

В соответствии со статьей 385 Уголовного кодекса Республики Казахстан подделка документов наказываются штрафом в размере до 2000 (двух тысяч) месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 600 (шестисот) часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Использование заведомо подложного документа наказывается штрафом в размере до 160 (ста шестидесяти) месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 160 (ста шестидесяти) часов, либо арестом на срок до сорока суток.

Министр

С. Нурбек

*Исполнитель: Ж. Ахмедина
Тел: 74-20-67*